



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

8 қараша 2022 жыл

№: AIFC-C/CFI/2022/0015 ic

«Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны» АҚ

Талап қоюшы

және

«Жерүсті ғарыштық инфрақұрылым объектілерін пайдалану орталығы» АҚ

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. Бұл Талап қоюшылардың пилотсыз ғарыш станциясына қатысты Шарттан туындайтын талабы. Тараптар Шарттың бағасын Сотқа берілген құжаттардың негізінде келісті және дау туындаған жағдайда, дау осы Сотқа беруге жатады, пайдалануға жататын тіл орыс тілі болған.
2. Талап қоюшылардың талабының сомасы 13 684 550 338,7 теңге құрайды. Бұл сома Жауапкерлердің экологиялық сараптама жүргізу міндеттемелерін орындамауымен байланысты Шарт бойынша рұқсат етілетін максимумнан тұрады. Шарт бойынша күнделікті мөлшерлеме қарастырылған, бірақ өтелуі мүмкін максимум – бұл Талап қоюшылардың талап арызындағы сома.
3. Жауапкерлер бұл соманың неліктен төленбеуі тиістігінің, оны төлемедің қандай да бір себебі неліктен бар болуы тиістігінің немесе шарт бойынша қандай да бір дау бар-жоқтығының және олай болмаған жағдайда бұл осы соманың төленуге жатпайтынын білдіретін ешқандай елеулі себептерін ұсынған жоқ.
4. Жауапкерлер бұл талапқа қарсы қойған және оларға тиісінше түрде хабарланған жалғыз қарсылық, менің пікірімше, талаптың сипаты туралы, бұл осы Соттың юрисдикцияға ие еместігі туралы дәлел. Менің ойымша, Шарттың Сотқа бұл юрисдикцияны бертіні сөзсіз.
5. Алайда, кез келген іс қараудың тілі орыс тілі болуы тиістігі және Шарт Ресей Федерациясының материалдық құқығымен реттелуі тиістігі Шартта тікелей көзделген. Менің бүгін естігенім, Тараптар дауларды, олар туындаған жағдайда, осы құралдармен шешілуі тиістігін арнайы таңдаған және бұл Шарттан да айқын көрінеді. Бұл Соттың юрисдикцияға ие екендігімен мен толық қанағаттанамын.
6. Тараптардың істі қарау орыс тілінде жүргізілуі тиістігін көздеуі Соттың юрисдикциясына нұқсан келтірмейді. Жауапкерлерге Соттың аудармашы ұсына алатындығы түсіндірілді, сондықтан егер куәлар мен адвокаттар орыс тілінде сөйлеуді қаласа, ағылшын тіліне синхронды аударманы қамтамасыз етуге болады. Сонымен, бұл осы дауды жүргізуде Тараптардың ешқайсысы үшін де ешқандай қиындық тудырмайды. Жауапкерлердің өте қысқаша жауабы Соттың юрисдикциясы жоқтығы туралы дәлелдің негізделген болып табылатынына менің көзімді жеткізген жоқ.
7. Сот оның юрисдикциясы бар екендігі туралы шешім қабылдағаннан кейін, Талап қоюшылар өздерінің талап етіліп отырған сомаға құқықтарын ұсынылған дәлелдердің негізінде және Сотқа Ибраев мырзаның хабарлағанының негізінде дәлелдей алатын-алмайтындықтары туралы сұрақ туындайды.
8. Мен бұл соманың Шартқа сәйкес төлеуге жатпайтынына ешқандай дәлелдер немесе аргументтер алған жоқпын. Мен Шарттың бағасын зерттедім, мен Шарттың маңызды бөлігі болып табылатын экологиялық сараптамамен байланысты күнделікті мөлшерлеме бойынша төлеуге не жататынына қатысты тиісті талапшарттарды зерттедім.
9. Төлемнің болмағаны айқын. Экологиялық сараптаманың неліктен жүргізілмегендігінің ешқандай себептері ұсынылған жоқ, бәлкім, бұл үшін елеулі себептер бар шығар немесе олар жоқ болуы да мүмкін. Қандай да бір түсіндірулер жоқ жағдайда мен Тараптар маған айқын баяндаған мәлімделген сомаға Талап қоюшылардың құқықтары бар деген қорытындыға



келемін. Тиісінше, мен Жауапкерлерге қарсы Талап қоюшылардың пайдасына 13 684 550 338,7 теңге мөлшерінде шешім шығарамын.

Сот қабылдады,

Лорд Фолкс КС
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны» АҚ Құқық мәселелері жөніндегі атқарушы директоры Ибраев Ерден өкілдік етті.

Жауапкердің атынан «Жерүсті ғарыштық инфрақұрылым объектілерін пайдалану орталығы» АҚ Сот қорғау бөлімінің бастығы Великий Алексей өкілдік етті.